

Өндірістік жиналыс отырысының хаттамасы №1

07.09.2023ж

Қатысқандар: 10

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы

Күн тәртібі

1. Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің сақталуы. Қызметкерлердің құрамы, 2023-2024 оқу жылында жаңа келген қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру.
2. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы
3. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К.Арымбекова балабақша қызметкерлерін жаңа оқу жылының басталуымен құтықтап, жаңа оқу жылына жаңа табыстар тіледі. Балабақшаның ішкі еңбек тәртібімен таныстырып, балабақша қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін таныстырып өтті. Балабақшада тәрбиешілерінің уақыттарын атап өтті. Биылғы жаңа оқу жылында жаңа қызметкер қосылды алайда әрбір қызметкер лауазымдық міндеттеріне жауапкершілікпен қарауды атап өтті.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі сөз алды, ол өз сөзінде балалардың тамақтану мәзірінің айлық және бір апталық мәзір алдын –ала дайындалып қойлатынын және де күз мезгілінде көкөністер мен жемістер пісіп жатқандықтан ас мәзіріне көптен енгізілгендігі туралы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселерді саралай келе шешім қабылданды.

Жиналыс шешім етеді.

1. Ішкі еңбек тәртібімен таныстырылғандығы жөнінде нұсқаулық жасалып таныстырылсын.
2. Балалардың тамақтанудың ұйымдастырылуы СанПИ талаптарына сай жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:



К.Арымбекова

А.Кәтен

Өндірістік жиналыс отырысының хаттамасы №2

21.12.2023ж

Қатысқандар: 20

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы

Күн тәртібі

1. Жаңа жыл мерекесіне дайындық.
2. Өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы.
3. Күн тәртібінің орындалуы

Тыңдалды: Өндірістік кеңес мәжілісінің төрағасы балабақша меңгеруші К.Арымбекова сөз алып, бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырып өтті. Алда жаңа жыл мерекесін өткізу жауапкершілігі тұрғанын жеткізді, жаңа жыл мерекесін өткізу барысында ең алдымен өрт қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігін сақталуын ескертті, сонмен қатар жаңа жылмерекесі балалардың ең сүйікті мерекелерінің бір болғандықтан, балаларға қызықты өту үшін баржағдайлар жасалынып сценарилерін талқылап бекітті. Ертегі кейіпкерлерінің рольдеріне қызметкерлер бекітілді.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері сөз алып, өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталуы жөнінде айтып өтті, қыс мезгілі болғандықтан, алдағы мерекелерде, топтарда қарапайым өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескертті.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша медбикесі сөз алып, балабақшада күн тәртібінің орындалуына байланысты хабарлама жасады. Күн тәртібі таңертеңгілік қабылдау мен баланы кешке үйіне шығарып салғанға дейінгі тәрбиелік іс-шаралар жататынын білесіздер жүйелі ұйымдастырылған күн тәртібі баланың денсаулығының мықты болуымен, көңіл күйіне де әсер етеді. Баланы күнде таза ауада шынықтыру оң әсерін тигізеді.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселерді саралай келе шешім қабылданды.
Жиналыс шешім етеді.

1. Жаңа жыл мерекесіне дайындық жүргізуге жауапты мамандар бекітілсін
2. Өрт қауіпсіздігі ережелеріні сақталсын
3. Күн тәртібінің сақталуы қанағаттанарлық деп есептелсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:



К.Арымбекова

А.Кәтен

Өндірістік жиналыс отырысының хаттамасы №3

05.03.2024ж

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы

Қатысқандар: 10

Күн тәртібі

1.Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы.(анықтама)

2.Әртүрі мәселелер

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі К.Арымбекова сөз алды, топтардағы санитарлықэпидемиологиялық нормалардың орындалуы туралы айтып өтті, санитарлық нормалардың сақталуы, ең алдымен балалардың гигиеналық процедуралардың сақталуы және де күн тәртібінің сақталуы, топтардың санитарлық жағдайынан тұратыныны айтып өтті. Балабақша медбикесі сөз алып, Бірінші мәселе тазалық, тазалық болған жерде балалар ауырмайды. Таңертең келіп балалар жоқта терезені ашып топты желдетіп алу керек. Топтарды бақылау барсында санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуында кей топтарда кемшіліктер орындалғанын айтып өтті. Атап өтер болсам төсектердің моркировкасы сақталмауы ,яғни жастықтар ауысып кеткен, сервизировканың сақталмауы сияқты кемшіліктер орын алып дер кезінде тәрбиеші мен көмекшілеріне ескертіліп отырдым.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері Анарбекова Клара сөз алып бүгінгі жиналыста айтылған кемшіліктерге мұқият болу мен қатар санитарлық нормалардың сақталуын сұранды. Сонымен қатар наурыз айында екі мереке аталып өтетінінін, мерекенің сценарилері мен, санитарлық талаптың орындалуын атап өтті.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселерді саралай келе шешім қабылданды.

Жиналыс шешім етеді.

1..Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы күнделікті жүргізілсін

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:



К.Арымбекова

А.Кәтен

Өндірістік жиналыс отырысының хаттамасы №4

17.05.2024 ж

Қатысқандар: 10

«Елмерей» бөбекжай балабақшасы

Күн тәртібі

1. Жазғы мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық.

2. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту.

3.Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды: Балабақша меңгеруші К.Арымбекова бір оқу жылы аяқталып жаз мезгіліне арналған жоспармен таныстырды. Жаз мезгілінде қандай ережелерді сақтау керектігі және әрбір тәрбиешіге таныстырылып, танысқандығы жөнінде нұсқаулықпен таныстырды. Балабақшадағы балалардың жаз мезгілінде шомылуына арналған бассейндерді дайындау, балалардың жеңіл киімдер киуі, сонымен қатар ауыстыратын киімдердің алып келуі сөз болды. Серуенде бір-бірін итермеу, таласпай бірге ойнау, жалғыз өздерін қалдырмай үнемі балалармен бірге болу керектігі айтылып өтті

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақшаның кәсіподақ ұйымының төрайымы сөз алып балабақша қызметкерлерінің демалыс кестесімен таныстырды.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселерді саралай келе шешім қабылданды.

Жиналыс шешім етеді.

1.Жазғы мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық

2.Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекітілсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:



К.Арымбекова

А.Кәтен